Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультетінде 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Керимова Сания Макежановнаның «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» атты диссертациялық жұмысына

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

XXI ғасыр әлемдегі түрлі ел, халық, ұлттар арасындағы мәдени байланыс арқылы бір-бірін «тану», білу мүмкіндіктерін мейілінше нығайтуға ден қойды. Әлеуметтік топтар мен мемлекеттік институттар, қоғамдық қозғалыстар және жекелеген мәдениет қайраткерлері арасындағы мәдени қарым-қатынас барынша тереңдеп, жан-жақты өркендеуі үшін мұндай үдеріс барлық елдің қоғамдық өмірін түгел қамтиды. Мәдениаралық қатысым маңызды экономикалық, кәсіби және мәдени әлеуметтік коммуникациямен қатар, білім беруде, ғылымды дамытуда, туризмді насихаттауда барынша нығайтады. Мұндай практикалық қажеттілік антропологиялық мәдениет арқылы «Мәдениаралық қатысым» пәнінің негізін қалауға, дамытуға түрткі болды.

Әр түрлі мәдениеттер байланысының нәтижесінде адамдар қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылатын іс-әрекеттер бүгінде мәдениаралық қатысым, кроссмәдени қатысым, интермәдени қатысым, транс мәдени қатысым деген терминдердің пайда болуына ықпал етті.

Коммуникация кезінде қарым-қатынас жасаушылар екі түрлі ұлт өкілдері болса, олардың таным болмысында өзіндік ерекшеліктер кездеседі. Мәселен, ұлтқа тән сөйлеу әдебі мен мәдениеті, білім қорында жинақталған салт-дәстүр, әлеуметтік мәртебесі, діни көзқарасы, тұтас менталдық ойлау ерекшеліктері.

Қазақстандық мәдениаралық қатысым үлгісі жүзден астам ұлт өкілдерінің ұлттық сәйкестігін құруға негізделген. Әр этникалық топ бірегей мемлекеттік құрылымның құраушы бөлігі болып табылады. Бұл ретте жергілікті ұлттық мүдденің қорғалуы өзге этникалық топтармен араласқанда тек орыс тілділерге ғана басымдық берілгендігін білеміз. Ал басқа ұлт өкілдерімен мәдениаралық қатысым түрлі қарым-қатынас тәжірибелеріне негізделіп, өзіндік ерекшелігін қалыптастырған. Сондықтан қазіргі Қазақстандағы саяси-мәдени, әлеуметтік ерекшеліктерге қарай мәдениаралық және ұлтаралық қатысымды лингвистикалық аспектісі тұрғысынан зерттеу қажеттілігі диссертация тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертациялық жұмыстың жоспары нақты, мақсаты анық. Сол мақсатына қарай міндеттер дұрыс жүйеленген. Зерттеу жұмысының

құрылымы, мазмұны, тілі, қажетті теориялық әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеу барысында өзіндік тұжырымдар жасалған.

Жұмыс авторының зерттеу еңбегінде өзіндік даралық принципі және диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі толық сақталған. Осыған орай, диссертацияның кіріспесінде баяндалған жұмыстың мақсатына сай міндеттері дұрыс сараланған. Бұл ретте докторант мына төмендегі ғылыми нәтижелерді көрсетеді:

- орыс тілді БАҚ-тағы казахизмдердің жаңа қолдану үрдістері қарастырылған. Жаңа окказионалды семантикаға ие болған кросс-мәдени неологизмдер талданып, олардың сөзжасам элементтері жүйеленген.

- түр-түс атауларының мәдениаралық қатысымдағы семантикасы мен символикасы талданған.

- көркем шығармаларда және олардың аудармаларындағы тілдік бірліктердің ұлттық мәдени ерекшеліктерін сипаттау негізінде әлемнің тілдік бейнесіне кросс-мәдени талдау жүргізілген.

- мәдениаралық қатысым кезінде қазақтардың тілдік санасындағы басқа ұлттардың ерекшелігіне қатысты образдардың қалыптасуы тәжірибе арқылы зерттелген.

Дисертанттың зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптар деңгейінде орындалған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және академиялық шынайылық дәрежесі.

Жұмыстың көлемі, құрылымы, ішкі мазмұны, стилі, зерттеу барысында сілтеме алынған ғылыми әдебиеттерді пайдалану деңгейі жоғары. Диссертацияға қойылатын талаптар бойынша тақырыптың зерттелуі мен талдау барысы нақты дәлелдерге сүйенген. Диссертация сауатты дайындалған, диссертанттың баяндау тәсілі жүйелі де түсінікті. Жұмыста алынған ғылыми нәтижелер мен қорытындылар бойынша бірнеше ғылыми жаңалықтарды атап өтуге болады. Атап айтқанда:

Бірінші ғылыми жаңалық бойынша: Бүгінгі қоғамда БАҚ әлем мен адам арасында байланыстырушы мәдени көпір қызметін атқаратындығы мәлім. БАҚ дискурсы қатысымның әлеуметтік маңызды саласына сәйкес келгендіктен және әлеуметтік өмірдегі алатын орнының маңызды болуына байланысты дискурстың аса маңызды түрлерінің біріне жататындығын дәлелдеген. БАҚ-тағы казахизмдердің жаңа қолдану үрдістері нақты тілдік деректермен талданып, ғылыми негізде сипатталған.

Екінші ғылыми жаңалық бойынша: Ақ, қара, қоңыр, көк, қызыл түстерінің мәдениаралық қатысым барысында семантикасы мен символикасы мысалдар арқылы дәйектелген.

Үшінші ғылыми жаңалық бойынша: Аударма - халықтың рухани қызметінің, мәдени өмірінің бір саласы, халықтардың арасында үзілмейтін үрдістердің бірі, мәдениаралық қатысым феномені. Аударма көркем

әдебиеттерінен мысалдарды талдап, аудару үдерісін мәдениаралық қатысымның әрекеті ретінде сипаттаған.

Төртінші ғылыми жаңалық бойынша: алғаш рет мәдениаралық қатысым жағдайында қазақ жастарының тілдік санасындағы жаңа бейнелердің қалыптасуы жүргізілген сауалнама арқылы талданып қорытындыланған. Қазір мәдениаралық қоғамдық санаға үлкен ықпал тигізетін жаңа кеңістік қалыптастыратын факторлар туралы диссертант әлемдегі жаһандану, интеграция, шекараның ашықтығы, заманауи электронды-ақпараттық үдерістер екендігін нақты мысалдармен талдаған.

Зерттеу жұмысындағы тұжырымдар мен қорытындылардың шынайылық дәрежесі теориялық жағынан дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, әдіс-тәсілдерінің тиімділігімен сипатталады.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңалық дәрежесі мынадай:

- Қазақстандық орыстілді БАҚ дискурсындағы казахизмдердің лингвомәдени ерекшеліктері қарастырылып, ғылыми негізде сипатталды; Толық жаңа.

- түр-түс атауларының мәдениаралық қатысымдағы семантикасы мен символикасы талданған; Толық жаңа.

- ұлттық мәдениеттегі менталдық ерекшеліктердің аудармадағы сипаты талданды. Аударманың әлем әдебиетіндегі, жекелеген халықтардың мәдениетіндегі рөлі айрықша маңызды. Сондықтан докторанттың осы тұсты да алып қарастырғаны жұмыстың маңыздылығын арттырған. Толық жаңа.

- алғаш рет мәдениаралық қатысым жағдайында қазақ жастарының тілдік санасындағы жаңа бейнелердің қалыптасуы тәжірибе арқылы зерттелді; Толық жаңа.

Сонымен, диссертанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық жауап береді.

5. Автордың даралық принципі, алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Диссертациялық жұмыстың жоспары нақты, мақсаты айқын, сол мақсатына қарай міндеттер қойылған. Зерттеу барысында өзіндік тұжырымдар жасалған. Мәдениаралық қатысымның теориялық-әдістемелік негіздері жан-жақты зерттелген, ізденіс байқалады. Зерттеудің тұжырымдары бір-бірімен тығыз байланыста, стильдік әрі логикалық құрылымға негізделе жасалған, ғылыми қорытындылары нақты берілген. Келтірілген жаңалықтар мен практикалық маңыздылығы қазақ тіл білімінің жаңа аспектілері бола алады.

Мәдениаралық қатысым жөніндегі іргелі еңбектерге, тіл мен ойлаудың, тілдік бірліктердің антропоөзектілік сипаты туралы қазіргі көзқарастарға, ғылыми бағыт ретінде лингвомәдениеттің негізгі түсініктеріне, аударма қағидаттары мен аударманың әмбебап үлгілері мен тұжырымдамаларына сүйенген. Бұл жұмыстың теориялық іргетасының берік қаланғандығын аңғартады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Бұл зерттеу ЖОО-да ұлтаралық мәдениаралық қатысым мәселелеріне орай, бағдарлап оқыту негізінде студенттер білімінің формаларын жетілдіру мен әдістерін іздеу шеңберінде әртүрлі ұлт менталитетіне сай мәдениаралық қатысымның қажетті принциптерін жүзеге асыруға бағыт сілтейді; диссертация мазмұны «Мәдениаралық коммуникация», «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» деп аталатын элективті курстарды оқытуда үлесі зор.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар саны мен көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау комитеті қоятын талаптарға сай келеді. Диссертация нәтижелері 10 ғылыми мақалада жарияланды. Олардың 4-і **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған** басылымдарда жарияланды:

1 «Лингвокультурные единицы перевода в межкультурной коммуникации» атты тақырыпта ҚазҰУ Хабаршысы (Филология сериясы) № 2 (154), - Алматы қ., 2015 ж. 396-400 бет.

2 "Түр-түс атауларының мәдениаралық қатынастағы семантикасы мен символикасы" ҚазҰУ Хабаршысы (Филология сериясы) № 6 - Алматы қ., 2015 ж.

3 "Орыстілді бақ-тағы казахизмдер: мәдениаралық қатынас мәселелері" Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы (филология сериясы № 4\2016жыл) №4 - Көкшетау қаласы, 2016 ж.

4 "Мәдениаралық қатысымдағы тілдік сананың этномәдени ерекшеліктері" Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы (филология сериясы № 3\2017 жыл) №3 - Көкшетау қаласы, 2017 ж.

Нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетел журналында жарияланған мақалалар:

СКОПУС базасына кіретін ғылыми журналда 2 мақала:

1 "Violation of Priority in Media and Political Discourse Dialogue (On the Basis of Kazakhstan Talk Shows)"атты тақырыпта Scopusдеректер базасына

енетін "The Social Science"журналы (ISSN: 1818-5800), 2016 жыл, 4440-4447 бет.

2 "Культурно обусловленная семантика языковых единиц в межкультурной коммуникации" атты тақырыпта Scopusдеректер базасына енетін "Когнитивная лингвистика" журналы (ISSN 1812-3228), №1 басылым 2017 жыл.

Халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында баяндалған және талқыланған диссертацияның негізгі нәтижелері:

1. «Межкультурная коммуникация: о переводах "Диван-и хикмет" Ясави» атты тақырыпта The 4 th International Scientific Congress «Science and Education in the Modern World», 2015; 1052 p. - New Zealand, 5-7 january, (ISBN 978-0-845-57459-7) (135-140 бет)

2. «Мәдениаралық қарым-қатынастың ғылым деңгейінде зерттелуі жөнінде» атты тақырыпта ф.ғ.д., профессор Р.С.Әмірдің 85 жылдығына арналған "Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы" атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы, - Алматы қ., 24 сәуір, 2015 ж. 179-181 бет.

3. «Лингвокультурологическая модель перевода в межкультурной коммуникации» // III Международный научно-практический форум «Языки. Культуры. Перевод» 19–25 июня 2015 г. материалы: электронное издание. - М.: Издательство Московского университета, 2015. – 433 с. (ISBN 978–5–19–011088-3) (149-154 бет)

4. "Культурная семантика цветообозначений в межкультурной коммуникации" «Перевод как средство взаимодействия культур»Краков қаласында 17.12. – 21.12. 2015жылы өтетін халықаралық конференция материалдарына жарияланды.

Сондықтан диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы толық жеткілікті деп есептеуге болады.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Жалпы жұмыстың орындалуы диссертацияға қойылатын ғылыми-теориялық талаптарға толығымен жауап береді. Дегенмен де кейбір сын-ескертпелерді атап өтуге болады:

1. Біріншіден, жұмыстың "Қазақстандық орыстілді БАҚ дискурсындағы казахизмдердің лингвомәдени ерекшеліктері" атты бөлімі жақсы талданған. Казахизмдердің қолданылу аясы, олардың жаңа окказионалды сөз ретінде қабылдануы мысалдармен келтірілген. Дегенмен оларға келтірілген қорытындыны бөлім соңында нақтылап жазған жөн болар еді.

2. Екіншіден, түр-түс атауларының мәдениаралық қатысымдағы семантикасы мен символдарына қатысты мысалдар жеткілікті алынған. Түр-түс атауларының семантикасын аша түсу үшін берілген колоремалардың орыс және ағылшын тілдеріндегі семантикасын ғана емес, сондай-ақ басқа

мәдениеттің тілімен салыстыра кеткен жұмыстың маңыздылығын еселей түсетін еді.

3. Үшіншіден, мәдениаралық қатысым мен аударманың арақатынасын белгілеген тұжырымдары дұрыс. Алайда, аудармадан көрініс табатын мәдени қатысымның айқын белгілерін көрсету үшін қазақ-орыс-ағылшын тіліндегі аудармаларды қоса салыстырып талдаған тиімдірек болар еді.

4. Төртіншіден, диссертацияның рәсімделуінде автор тарапынан жекелеген стилистикалық, орфографиялық сарындағы олқылықтарға жол берілген. Бірақ бұл айтылғандар диссертацияның құндылығын ешбір төмендетпейді және олар кеңес беру ретінде ұсынылған.

9. Мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Керимова Сания Макежановнаның 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы ғылыми талаптарға сәйкес, мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілерінің теориялық негіздерін айқындауға үлес қосатын толық аяқталған зерттеу деп бағалаймын. Диссертация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына сәйкес орындалған. Керимова Сания Макежановна 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір беруші:
Филология ғылымдарының докторы,
профессор, Халықаралық ақпараттандыру
академиясының академигі,
ҚР білімді ақпараттандыру
академиясының вице-президенті,
ЖББ кафедрасының профессоры **Рысалды К.Т.**

Қойылған Рысалды К.Т.
қолтаңбасын растаймын
Кадрлар бөлімінің инспекторы
Подпись К.Т. Рысалды заверяю
Инспектор отдела кадров